

Бекітімін:
Директор: 
«31» 08 2020 ж

Есем батыр атындағы олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған
мектеп-интернат-колледжіндегі психологиялық қызметті
үйымдастырудың 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Түсінік хат

Еліміздің ұлken тірегі болатын жас ұрпақтың терең білімді, жан-жақты зерек тұлға болуы заман талабы. Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты оқыту үрдісін ұйымдастыруды окушы, мұғалім және жалпы мемлекеттік білім жүйесінің даму және өзіндік дамуын реттейді және КР білім туралы занында атап көрсеткендегі әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық – физиологиялық жеке ерекшеліктері ескеріле отырып барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Психологиялық қызмет көрсету Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы Заны», Қазақстан Республикасы Білім және Фылым министрлігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, «Неке және отбасы» туралы, «Бала құқықтары туралы конвенция», «Кәмелетке толмаған арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусызы және панасыз қалуының алдын алу туралы», Қазақстан Республикасы Білім және Фылым министрлігінің 2014 жылғы 11 қарашадағы №458 бұйрығы және Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.07.2015 жылғы №257 қаулысымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары» басшылыққа алынды. Сонымен қатар, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 778 санды бұйрығы негізінде «Жасөспірімдердің деңсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы кезең – кезеңі бойынша жоспарға енгізілді.

- Төтенше жағдайға сәйкес қашықтықтан оқытууды ұйымдастыруда психологиялық қызметтің орны ерекше.
- Білім алушының жас ерекшелігіне қарай оқыту, тәрбиелеу және рухани адамгершілік дамуына қолайлы жағдай жасай отырып, психологиялық деңсаулығын қамтамасыз ету үшін интернет ресурстарының сүйемелдеуімен онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық), және кең таралған вебинар формаларында жұмыстарды ұйымдастыру жоспарланды.
- Психологиялық қызмет түрлі мессенджерлер арқылы (Zoom, BilimLand, Google Classroom, Skype, электронды пошталар, мектеп сайты, WhatsApp, жүзеге асырылады деп жоспарлануда.

Психологиялық қызметтің мақсаты:

- Білім алушыға қажетті арнайы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестерін автоматтандыру.

Білім алушының жас ерекшелігіне қарай оқыту, тәрбиелеу және рухани адамгершілік дамуына қолайлы жағдай жасай отырып, психологиялық деңсаулығын қамтамасыз ету.

Жалпы мақсаттар мен ұстанымдар: мектеп жоспарлары және оларды іске асыру бағдарламалары, қызмет нәтижелерін талдау негізінде педагогтар ұжымымен және ата-аналармен өзара байланыс, ынтымақтастықты қамтамассыз ету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- Білім алушының жас және жеке психологиялық мүмкіндіктерінің дамуына қолайлы жағдай туғызу.

Оку және дамуында қындық сезінетін оқушыларға психологиялық – педагогикалық көмек ұйымдастыру.

Әр білім алушының әлеуметтік өмірге барынша бейімделген үйлесімді тұлғаны қалыптастыру.

Білім алушының зияткерлік дамуын қамтамасыз ететін барлық психикалық үрдістердің дамуына ықпал ету.

Білім алушының жалпы психикалық, әлеуметтік және психологиялық дамуын бақылау

Ата – анамен жұмыс жасаудың мақсаты:

Білім алушы мен ата – ана арасында тығыз достық қарым – қатынас құруына жағымды әсер ету, жалпы кластың білім мен даму процесіне ата – ананы баулу.

Мұғалімдермен жұмыстың мақсаты:

Білім алушылардың дамуындағы психологиялық - педагогикалық мәселелерді бірігіп шешу.

Білім алушының білім алыу мен дамуын қалыптастыруына ықпал ететін әлеуметтік – психологиялық ортаны жобалау және жүзеге асыру.

ИНТЕРНЕТ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ:

түрлі мессенджерлер арқылы (Zoom, BilimLand, Google Classrom, Skype, электронды пошталар, мектеп сайты, WhatsApp

Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс (есеп беру күжаттары ұсыныстар, жадынамалар әзірлеу, медиабазалар құру)

Психологиялық қызметтің жұмысы төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

Психологиялық диагностиканың мақсаты:

Баланың тұлғалық немесе интеллектуалдық дамуындағы құндылықтарды анықтау. Психологиялық диагностика мәселені анықтау, жеке немесе топтық жоспарлау, әдістемелік құралдарды таңдау сатылары бойынша жүзеге асады.

Психологиялық түзету - дамыту жұмысының мақсаты:

Білім алушының бойында «мен» тұжырымдамасын қалыптастыра отырып, психологиялық қолдау беру және жетістік ситуациясын орнату. Психологиялық диагностика жұмысының нәтижесі бойынша түзету - дамыту жұмысы жүргізіледі.

Психологиялық алдын – алу жұмысының мақсаты:

Жасөспірімдердің психологиялық, эмоционалдық күйін реттей білу, зиянды әрекеттерден бойын аулақ ұстауға қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтын ұстануға баулу.

Психологиялық кеңес беру жұмысының мақсаты:

Білім алушы, ата – ана және педагогикалық ұжымға құнделікті туындаитын қыындықтарды шешуге және өзін – өзі жетілдіруге көмектесу. Психологиялық кеңес беру оку мәселесі, жас ерекшеліктеріне байланысты туындаитын мәселелер, өзара қарым – қатынас құру, кәсіптік бағдар т.б. мәселелерге байланысты жүргізіледі.

Ата-аналар мен оқушыларға жеке онлайн кеңес беру. Ата-аналарды педагогтар мен оқушыларды онлайн режимінде психологиялық қолдау. балаларға жеке онлайн кеңес беру.

Әлеуметтік - диспетчерлік қызмет жұмысының мақсаты:

Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың психологиялық мәдениетін көтеріп, психологиялық білімге жұмылдыру шараларын ұйымдастыру.

Психологиялық - педагогикалық қызмет көрсету:

Білім алушының рухани есүіне , жеке тұлға ретінде дамуына , көnlінің жай табуына ықпал ететін қолайлыш психологиялық жағдай жасау .

Жана тәртіп жұмысына және даму деңгейіне әкімшілік , окушылар және ата-ананы даярлау диагностикасын жүргізу;

Кәсіпке бағыттау кезеңіде психологиялық көмек ұйымдастыру;

Оку - тәрбие процесінде өз уақытында психологиядық қолдау және көмек көрету;

Баланың мүмкіндіктерін пайдалануға толық мүдделі болуына ықпал ету;

Баланың тұлғалық ерекшелігін ескеру;

Тиімді қарым-қатынас жасауға жағдай жасау;

Дер кезінде көмек корсету;

Жүргізілетін жұмыстар;

Ата – аналармен және балалар мен онлайн режимінде және кенестер өткізу;

Онлайн режим кезінде мұғалімдерге , окушыларға , ата – аналарға қолдау білдіру ;

Ата – аналармен бала тәрбиесіне қатысты , онлайн оқуға қатысты кенестер беру ;

Онлайн оқытуда бала тәрбиесіне байланысты ұстаздарға кенестер;

Ата-аналарға , балалар мен ұстаздармен қарым – қатынастар туралы кенесте

Педагог- психологтың медиа жоспары

Ағартушылық. Алдын- алу бағыты		
Ата-аналар	Білім алушылар	Педагогтар
<ul style="list-style-type: none"> - Ұсынымдар әзірлемесі: - «Қашықтықтан оқуға дайындық - «Баланың сабакқа деген мотивациясын арттыру жолдары» - Баланың дене және психологиялық саулығын нығайту бойынша - Бала мен ата-аналар қарым-катаынасын жақсартуға бағытталған ұсыныстар. 	<p>Ұсынымдар әзірлемесі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Білім алушының көңіл-күйінің тұрақтылығына, кедергілерді жеңе білуіне ықпал ететін дәріс-сабактар, бейнероликтер, презентациялар -Медиобазаны қалыптастыру. (презентация, сілтемелер, бейнероликтер) - Мақсаткерлік пен табандылық танытуына бағытталған сүйемелдеу жұмыстары. - Бала мен ата-аналар қарым-катаынасын жақсартуға бағытталған ұсыныстар. 	<ul style="list-style-type: none"> - Барлық класқа және жекелеген оқушыларға педагогикалық ықпал етудің онтайлы әдістерін ұсыну. - Қашықтықтан жұмыс жағдайында жұмыс уақытын дұрыс бөлу. <p>(тайм-менеджмент)</p>

Кеңес беру және түзету жұмысы (күніне 2сағаттан артық емес)

<p>-Онлайн кеңес беру.</p> <p>телефон, түрлі мессенджерлер арқылы</p>	<p>Қашықтықтан оқыту кезінде ми жаттығулары (психонейрологиялық</p> <p>Онлайн кеңес беру. телефон, түрлі мессенджерлер арқылы</p>	<p>- Онлайн кеңес беру.</p> <p>телефон, түрлі мессенджерлер арқылы</p>
-----------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------

- Білім алушыларға арналған түзету-дамтыу онлайн ойындары	Жас мамандардың бейімделуіне колдау көрсету. Мұғалімге арналған психологиялық нұсқаулық Педагогтарды эмоциялық өзін-өзі реттеу тәсілдерімен таныстыру
-----------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Диагностикалық жұмыстар

Жеке сұраныс бойынша, онлайн режиміндегі телефон, түрлі мессенджерлер арқылы диагностикалау. (саул нама, жобалау әдісі)

Диагностикалу : (кәсіптік бағдар, тұлғалық ерекшелігін, эмоционалдық деңгейін, қарым-қатынасы)

№	Жүргізілетін іс-шаралар атавы	Мерзімі	Объекті	Жауаптылар
1	Жылдық жоспар күру. Нормативтік құжаттарды реттеу.	Қыркүйек	Құжаттармен жұмыс	Педагог-психолог
2	МИК білім алушыларының психологиялық хал-ахуалын білу және әлеуметтік-психологиялық картасын толтыру	Қыркүйек	7-11 кл	Педагог-психолог Топ жетекшілері
3	«Білім алушылардың қашықтықта оқу барысында жаңа жағдайларға бейімделуі» сауалнамасын онлайн формасында жүргізу	Қыркүйек	7-11 кл	Педагог-психолог Тәрбиешілер
4	Білім алушылармен жұмыстар жүргізе отыра құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында колледж инспекторымен кездесу өткізу	Тоқсан сайын	7-11 кл	Педагог-психолог ТДЖО
5	Ата –аналар үшін " балаларының оқытуудың жаңа жағдайларына бейімделуі" тақырыбында онлайн формасында сауалнама жүргізу	Тоқсан сайын	7-11 кл	Педагог-психолог
6	Суицидке бейімділікті зерттеуге арналған сауалнама бойынша суицид вахтерларын онлайн ZOOM платформасы арқылы оқыту.	Қазан	Барлық топ жетекшілер МИК оқытушылары Бапкерлері	Педагог-психолог
7	Ата-аналарға психологиялық онлайн кеңестер беру жадынама, бейнебаяндар	Қазан	Барлық ата-аналар	Педагог-психолог Тәрбиешілер
8	Класс жетекшіден және тәрбиешілерден саралау диагностикасы	Тоқсан сайын	7-11кл	Педагог-психолог

9	Білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында (бейнебаяндар, онлайн кеңестер) үйымдастыру	Ай сайын	7-11 кл	Педагог-психолог
10	Ата-аналар жиналышына қатысу, «Юнисев» сауалнамасы бойынша онлайн акпараттандыру.	Қазан	8-11 кл	Педагог-психолог
11	Спорттағы дарынды балалармен жұмыстапу (жаттығуларын қадағалау, жарыс кезеңдеріне психологиялық кеңес беру)	Жыл бойы	7-11 кл	Педагог-психолог
12	«Юнисев» сауалнамасы бойынша сауалнама алу, анықтау	Қараша	8-11 кл	Педагог-психолог
13	ZOOM платформасы арқылы «Юнисеф» бағдарламасында анықталған білім алушылармен профилактикалық әнгіме жүргізу. Мақсаты: студенттердің сана-сезіміне кеңес беру арқылы әсер ету.	Ай сайын	Бақылау тобы	Педагог-психолог
14	Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Өз құқығынды білесің бе?» онлайн сауалнама алу	Желтоқсан	7-11 кл	Педагог-психолог
15	Социометрия әдісін алу арқылы лидерді анықтау	Тоқсан сайын	7-11 кл	Педагог-психолог
16	Оқу сауаты бойынша тәмен көрсеткіштегі білімалушылардың ата-аналарына түсіндірме жұмысын өткізу	Желтоқсан	Ұсынылған білім алушылар	Педагог-психолог

17	11 класс оқушыларына ҮБТ психологиялық дайындығын нығайту мақсатында тренинг ұйымдастыру	Қантар	Ұсынылған білім алушылар	Педагог-психолог
18	ZOOM платформасы арқылы «Мен және менің әлемім» тақырыбында онлайн тренинг өткізу	Қантар	7-8 кл	Педагог-психолог
19	ZOOM платформасы арқылы «Спорт менің тандауым» тақырыбында әңгімелесу.	Қантар	7-11 кл	Педагог-психолог
20	Диагностика алу: «Менің отбасымдағы орным» эссе «Ағаштағы орныңыз қайсы?» әдістемесі «Түймедақ ақиқаты» оқу мотивациясын анықтау Темперамент типін анықтау (Б.С.Волков, Н.В.Волков)	Қантар Ақпан	11 кл	Педагог-психолог
21	Қашықтықтан жас өспірімдердің ішіндегі пен нашақорлық, СПИД, ВИЧ –тің алдын алу мақсатында жұмыстар ұйымдастыру	Ақпан	7-11 кл	Педагог-психолог МИК дәрігері
22	Спорттагы дарынды балалар «Жарысқа дейінгі жарыстан кейінгі» онлайн сауалнама алу	Жарыс кезендеріне сәйкес	7-11 кл	Педагог-психолог
23	Қашықтықтан «Спортшы балаларды қолдауда ата-ана ролі » тақырыбында ата-аналармен кездесу ұйымдастыру	Наурыз	Ата-аналармен	Педагог-психолог
24	Диагностикалардың корытындысын шыгару	Диагностика уақытына сәйкес	Құжаттармен жұмыс	Педагог-психолог

	Бақылау тобындағы білімалушыларға ZOOM платформасы аркылы «Әуенді терапия» ұйымдастыру	Наурыз	Бақылау тобы	
25	Бапкерлер мен білім алушылардан сарапау диагностикасы онлайн сауланама	Токсан сайын	7-11 кл	Педагог-психолог
26	Қашықтықтан білім алушыларға «Мамандықтағы менің бейнем» атты тренинг өткізу	Сәуір	9-11 кл	Педагог-психолог
27	Психологиялық кеңестер жеке және топтық	Сәуір	Ұжымға, ата-аназарға, білім алушыларға	Педагог-психолог
28	Қашықтықтан «Жан дүниемдегі сырымды таба біл» түзету жұмыстары	Сәуір	7-11 кл	Педагог-психолог
29	Қашықтықтан «Өмірлік мақсатқа жету» тақырыбында кездесу, әнгімелесу	Мамыр	11 кл	Педагог-психолог
30	Қашықтықтан білім алушылармен рефлексия. «Менің қорқыныштарым»	Мамыр	9-11 кл	Педагог-психолог
31	Жыл бойына жүргізілген жұмыстарға мониторинг жасау	Маусым	ТДКО	Педагог-психолог
32	Жүргізілген жұмыстар бойынша 1 жылдық корытынды сараптама жасау	Маусым	ТДКО	Педагог-психолог

Педагог-психолог: Ахметова Т.М.